

- Декарт адамның ақыл-ойына көбірек жүгінді, Бэкон жекеден жалпыға қарай жүрсе, Декарт жалпыдан жекеге көшті, оның бұл ерекшеліні математикалық ойлау тәсілінен жақсы көрінеді. Декарттың ойынша, мейлінше дәл ойларды ұсынуға тек математика қабілетті, сол себепті осы ғылымның тәсілдерін жаңа философиялық жүйе жасау ісінде қолдану керек. Декарт төрт ережені тұжырымдайды:
- 1) Ақиқат деп ақиқат екені күмәнсіз нәрсені ғана қабылдау қажет. Асығыстық пен нанымға орын болмауы тиіс, тек ақылға айқын, нақты тұжырымды ғана қабылдау керек. Картезиандық рационализмнің бұл принципін интуиция ұғымы білдіреді. Декарт бұл қасиетті табиғи, бірақ сезімдік емес, интеллектуалдық сәуле деп түсінеді.

2) Зерттейтін сұрағымызды ойша мүмкіндігінше қарапайым элементтерге бөліп қарастырсақ, қиындықтарды шешу, белгілі бір шешімге келі жеңілдейді.

3) Бұл ереже логикалық түрде екінші ережеден туындайды: таным процесі қарапайымнан күрделіге қарай жүреді.

4) Дедукцияның барлық звеноларын ұмытпайтындай шолу жасап отыру қажет. Декарттың рационализмінің негізі-күмән. Күмәнданған адам күмін туғызған объект туралы терең ойланады, яғни өмір сүреді, тіршілік етеді: **“Мен ойланамын, яғни өмір сүремін”**.

